

Аңдатпа

Дипломдық жобаның тақырыбы «Жұмыспен қамту орталығына арналған “WorkPOINT” веб-сайтын құрастыру және әзірлеу».

Бұл жұмыстың мақсаты: үй шаруашылықтары мен іскерлік мәселелерді шешу үшін жеке кәсіпкерлер үшін онлайн-іздеу қызметін құру. Платформа кез-келген жұмысты орындауға мұқтаж клиенттерді, сондай-ақ қосымша жұмыс іздеген немесе қосымша табыс іздейтін білікті орындаушыларды біріктіреді. Алға қойған мақсатқа жету үшін келесідей технологиялар қолданылды:

- клиенттік интерфейсті құру үшін: HTML, CSS, JavaScript, Angular;
- мәліметтер базасын жобалау үшін: MySQL;
- серверлік логиканы құру үшін: Java, Spring MVC, MyBatis.

Дипломдық жоба кіріспеден, 5 бөлімнен және қорытындыдан тұрады.

Кіріспеде таңдалған тақырыптың өзектілігі ашылады, өңдеу мақсаты қойылады және орындауға қажетті міндеттер, өңдеуді қолдану аймағы анықталады.

Бірінші бөлімде есепті шешуге арналған технологияларға талдау жасау мен таңдау келтірілген.

Екінші бөлімде қосымшаны жобалау сипатталады.

Үшінші бөлім қосымшаны құруды сипаттаудан, қойылған мақсатты практикалық шешудің кадамдық сипатталуынан тұрады.

Төртінші бөлімде өңделген жобаның экономикалық мақсаттылығын негіздеу қарастырылған.

Бесінші бөлімде жүзеге асырылатын жоба аясында еңбек шарттарын жақсарту бойынша шаралар қарастырылған.

Қорытындыда клиент-серверлік веб-қосымшаларды құрудың қазіргі заманғы құралдары меңгерілген және қойылған мақсатқа сай өңдеу орындалған, ары қарай қосымшаны толыққанды өнімге дейін жақсарту стратегиялары құрылған.